

Қ. Мұңайтпасов атындағы жалпы орта мектебінің тарихи шежіресі.

Ақтөбе елді мекенінде 1988 жылы іргетасы қаланып ауданымыздағы іргелі оқу орынының бірі болып саналатын Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы жалпы орта мектебінің тарихы сонау колхоздастыру кезінде 1935 жылы қаланған.

Алғаш «Ақтөбе» бастауыш мектебі 1935 жылы ашылған. Алғашқыда арнайы жай болмағандықтан Оңғарбайдың Жамалының «Қоржын» үйі мектеп болған. Алғашқы ұстаздары Тажібаев Тастамқұл, Бейсенбаев Қалдыбай, Қопашев Арыстан, Жаңабаев Әбдірахман, Жүсіпов Құлмахан деген кісілер болған екен.

1939-1940 жылдары «Ақтөбе» бастауыш мектебі 7 жылдық болып ашылып алғашқы директоры Сүтемгенов Әжікұл болған. 1946-1949 жылдары Ұлы Отан соғысынан елге оралған Құртаев Сейітжан, Байжанов Алдан, Байтілеуов Жексен, Үсеев Шәки, Байысбаев Аяпбай, Жүсіпов Мұстафа, Құлтасов Әшір, Найманбаев Уалихан, Исаев Дихан, Құрамысов Абихан, Мұратбеков Балаби деген кісілер осы мектепте ұстаздық еткен.

1950-1953 жылдары мектеп директоры Қожахметов Қали деген кісі болған.

1968-1969 оқу жылында жеті жылдық Ақтөбе мектебі сегіз жылдық мектеп болып өзгертілді.

1953 жылдан бастап мектепті Құрамысов Абихан басқарды. Ол кісі 1983 жылы осы мектепті отыз жыл басқарып, зейнеткерлікке шықты.

1972-1973 оқу жылынан бастап «Ақтөбе» сегіз жылдық мектебіне күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовтың есімі берілді. Мамасеріков Өсербай, Мүштайева Түймеш, Есжанова Қыздаркүл, Төлендиев Әмірхан, Қуатбаев Қалдар, Тәліпова Гүлжамал, Әмірқұлов Нұсқабай, Жүсіпов Жақсылық, Тоқтамысова Ұзақбай, Аймаханов Төрехан, Қозыбаева Оразкүл, Әшірбеков Өтен, Өтепов Әмір, Сембеков Жарылқасын, Сүйеубаева Мадина, Ауезов Дүйсенбек, Бейсенбаева Әлима, Досанова Күлбибі осы мектебімізде ұстаздық еткен.

Мектебіміз 1978-1979 оқу жылында он жылдық орта мектепке айналды.

Жүсіпов Жақсылық 1983-1988 жылдар аралығында мектеп директоры қызметін атқарса, Мұзаппарова Сара 1988-1989 оқу жылында мектеп директоры болды. Битуов Құралбай 1989-1991 жылдар аралығында мектеп директоры қызметін атқарды.

1991-2006 жылдары аралығында Тәшімбетов Мамыр мектеп директоры қызметін атқарды.

2006-2012 жылдары аралығында Нұров Жангелді мектеп директоры қызметін атқарды.

2012-2015 жылдары аралығында Жұбаев Нұлан мектеп директоры қызметін атқарды.

2015 жылдың бастап мектеп директоры қызметін Нұров Жангелді абыроймен атқарып келеді.

Қазіргі таңда мектебімізде 441 шәкірт тәрбиеленсе, 76 ұстаз дәріс береді.





Ескі мектеп ғимараттары

